

«Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. - Б. 3-5

## **Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ТҮЛҒАТАНУ**

Абзелбек А.А. 1 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Тәуелсіздікті алғаннан бері жылдарда Отандық тарих ғылымында өзгерістер мен жаңарулар қалыптасты. Қазіргі таңда жеке тұлғалардың өмір жолы, қоғамдық-саяси қызметі, тарихи көзқарастары ауқымды түрде зерттелуде. Ұлтының тарихын ұлықтап, хаттап, бүгінге жеткізу арқылы ұлтының келешегіне жол бастаған тұлғалар ғұмыры– жас ұрпаққа өнеге. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді» [1] –деп атап өтіп, тарихтағы тұлғаларымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек елімізде ғана емес, сондай-ақ шет елдер де насихаттау жұмыстарын жүргізуге мән беру керек екендігін атап өтеді. Сондай тұлғалардың бірі Д.А. Қонаев.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (12 қаңтар 1912 жылы– 22 тамыз 1993 жылы) — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы. 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген. Қазақ, орыс тілдерінде жаза, оқи білетін сауатты болған. Анасы, Зәуре Баирқызы (1888 жылы Шелек (бұрынғы атауы Чилик) Чилик ауданында (қазіргі Алматы облысы) туған) үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан » [2].

1930 жылы – Алматыдағы №14 орта мектепті бітіргеннен кейін, 1931-1936 жылдары – Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті Дінмұхамед Қонаевты Мәскеудің Түсті металл институтына оқуға жібереді. 1936 жылы - Институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Д. Қонаев 1937-1939 жылдары Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болды. 1939 жылы - Екінші дүниежүзілік

соғысының қиын күндерінде тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түсіп, “Алтайполиметалл” комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі – Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарды. 1939 жылы – КОКП мүшелігіне қабылданды.

1942-1952 жылдары - Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Осында жүргенде Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі және оның президенті етіп сайлай- 4 ды. Тау-кен ісі саласының ірі ғалымы Д. Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңірді. Ғылыми-ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылды. 1955-1960 жылдары - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды. 1960-1986 жылдары – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарды. 1986 жылы 16 желтоқсан күні – Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан алынып, орнына Колбин тағайындалды. Бұған наразы болған қазақ жастарының Желтоқсан оқиғасы орын алды. 1987 жылы – маусымдағы пленумда Д.А.Қонаев «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Бірінші хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП мүшелігінен босатылды.

Бірнеше мәрте КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кентімен 43 қала пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды.

Профессор Ж.Артықбаев – тұлға туралы қанша айтсақ та, оған қандай мағына берсек те, тұлғаның маңызы ешқашан жоғалмауы керек дей келе, «тұлға кездейсоқ тумайды, тұлға–халықтың жүздеген жылдық сұрыптау тәжірибесінің нәтижесі. Қазіргі қазақ халқына тұлғатану ғылымы да, заманға қарап сәуегейлік айта алатын ғұламалар да қажет. Сонымен бірге мемлекетіміз әлемдік жарысқа кірген уақытта бірегей күрескер тұлғалар да керек, себебі қай заманда болмасын, елді ел қатарына қосатын–топ басындағы көсемдері мен ерлері» –деген тұжырым жасайды [3,б.3]. Профессордың пайымдауларымен бізде келісеміз. Д.А. Қонаев өз заманының көсемі болды.

Дінмұхамед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың

40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты.

Д.А.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауыты шығарған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына айналды. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектермен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы бойынша қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласында Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты тұрғызылды. Қала көшелерінің саны артып, жаңа тұрғын үйлер салынып, 12 ықшам аудан ашылды. Мектеп пен бала-бақша ғимараттарының құрылысы басталып, Оқушылар сарайы жас өнерпаздарға есігін айқара ашты. Республика Сарайы, Спорт және Мәдениет Сарайы, «Медеу» спорт кешені, Ұлттық Кітапхана, цирк сынды мәдениет, білім және спорт нысандары бой көтерді. Авто, аэро және темір жол вокзалдары, әуежай, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақүйлері салынып, қала көркін ашты.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен, танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой-өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді. Қазақтың ХХ ғасырдағы ұлтымыздың ұлы перзенті, дара тұлға, аса көрнекті мемлекеттік қайраткер Дінмұхамед

Қонаевтың елу жылдай кеңестік Қазақстанды басқарған, жалпы қазақ мемлекеттілігінің тарихында Алаштың ардақтысы, халқымыздың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің алатын орнының ерекшелігі жайында арда тұлғаның туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде Президент Н.Ә. Назарбаев «Дінмұхамед Ахметұлы – айрықша ардақтауға лайықты қарымды қайраткер [4, б. 4]. Ғылым тарихында өмірлік қиындықтар мен қиыншылықтарға қарамастан, шынайы білімге жол ашып, жас және перспективалы ғалымдардың бүкіл ұрпағын жетелейтін адамдар бар [5, б. 4].

Тарих ғылымында тұлға деп кімді түсінеміз десек «Тұлға – ол қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек? Тұлға–интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш–қуатымен, ақыл–парасатымен, басқаша айтқанда, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұштастыруымен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан. Халық басына күн түсіп, қиын– қыстау замана туғанда ғана тұлға өзінің өзгеден ерек ірі ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріп келдігімен танылады» –деген ғалым Манаш Қозыбаевтың анықтамалық пікірі ойға оралады [6, б. 7].

Тұлғаны не үшін зерттейміз деген мәселеге келсек, біз тұлғаны басқалардан несімен ерекшеленетінін анықтауды мақсат етіп қоймаймыз, біз үшін тұлғаның өмір жолының қызықтылығы, бірегейлігі және сол арқылы сол заманды түсіне алу үшін, сол тарихи кезеңнің белгісіз беттерін ашуға тырысамыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018, қараша – 21.
- 2 ҚазССР. Қысқаша энциклопедия, 2-том. Алматы-1987.
- 3 Артықбаев Ж.О. Тұлға және тарих // Кіт.: Тарихи тұлғалар тағылымы. – Астана: Фолиант, 2016. – Б. 3-23.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Елі барда ері елеусіз қалмайды // Егемен Қазақстан. – 2010, 13 қаңтар.
- 5 THE IDEA OF INDEPENDENCE AND FREEDOM IN THE ACTIVITIES OF HASAN ORALTAY Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, Vol. 28, No. 3, 2021.97 УДК 929. DOI: 10.37635/jnalsu.28(3).2021.97-108
- 6 Қозыбаев М. Шығармалары. – Алматы, 2013. – Т. 3. – 328 б.

Ғылыми жекткшісі: т.м., аға оқытушысы Алиакпарова А.П.